

## **25-30-сәуір аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ**

29-сәуір

Апталық жоспарға сәйкес 25-30-сәуір аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру кезінде сынып деңгейіне орай сабақ мақсаттарын дифференциациялау ұсынылды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. Әкімшілік тарапынан мұғалімдердің сабақтары бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді. Сабақ мақсатын дифференциациялау мен формативті бағалау бойынша ұсынымдар айтылды.
5. Орыс тілі пәнінен оқу техникасының деңгейін пән мұғалімдері тарапынан бақыланып, сабақ барысында оқушылардың оқылым жаттығуларын орындауда мәтін мазмұнын түсіну, сөздік қорларының деңгейі назарға алынды.
6. 9,11-сыныптарды қорытынды аттестаттау емтихандарына дайындық жұмыстары жүргізіліп, қосымша сабақтар әкімшілік тарапынан бақыланды.
7. 25-30 сәуір аралығында «Бүгінгі жас маман-болашақ білікті ұстаз» тақырыбында жас мамандар апталығы өтті. Мақсаты: жас мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға жағдай жасау, әдістемелік-ақпараттық көмек көрсету, іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарауға баулу, қолдау көрсету. Апталықтың жоспары негізінде жас педагогтер өз пәндері бойынша ашық сабақтар өткізіп, жыл бойы өздерінің тәлімгерлерінің және басқа да пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысып іс-тәжірибелерін арттырғандарын көрсете білді. Сабақтарын оқыту мақсатына сай, АКТ ресурстарын, әдіс-тәсілдерін қолданып қызықты, тиімді өткізді. Сабақ барысында оқушылар Kahoot бағдарламасы арқылы алған білімдерін тексерді, «Padlet» бағдарламасы арқылы QR-кодпен қосылып кері байланыс жасады. Апта бойы сыныптан тыс жұмыстарда да жүргізілді: «Ойлан!Тап!» қозғалмалы ойын, «Ғажайыптар әлемі», «Географиялық ассорти» танымдық ойындар, «Кездейсоқ сурет», «Сен білесің бе?» челленджілері, «Жылы құшақ» күні. Апталық жұмысын

қорытындылау мақсатында әкімшілік, тәлімгерлер, жас мамандар қатысуымен «дәңгелек үстел» өткізіліп, сабақты өзіндік талдау, пікір алмасу жүргізілді.

8. 26-сәуір күні «Абай мектептері» желісінің жоспары негізінде Республикалық «Әуезов әлемі» көркем сөз байқауына 2 оқушы қатысып жүлделі орындарға иеленді: Әміржан Н.9-сынып, 2-орын, пән мұғ. Ахат А.Д. және Хойшыбай Н. 3-орын, 10-сынып, пән мұғ. Онгарбай Ж.

9. 27 сәуір күні «Абай мектептері» желісі бойынша онлайн форматында өткен «Бейіндік пәндер: жетістіктер, кедергілер, ұсыныстар» дөңгелек үстелге Кусаинова С.З., Ахат А.Д., Муратов М.Б. қатысты және Ахат А.Д. сөз сөйлеп, презентация арқылы мектебімізде бейінді пәндер бойынша қандай курстар мен үйірмелер оқытуда, сол пәндер бойынша жетістіктердің барын мәлімдеді және қандай қиындықтар мен кедергілер оқытуда кездескенін айтты.

10. 28-сәуір күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 11-сынып оқушылары арасында өткен «Ахмет Байтұрсынов: ұлт тілі, әдебиеті, болашағы» Ш. Уәлиханов ат. Көкшетау Университетінің интеллектуалдық олимпиадасына Сулейменова Г. қатысып сертификат алды, пән мұғалімі Ахат А.Д. Алғыс хатпен марапатталды.

11. Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті Аққол ауданында «Ақмола облысында білім берудің инновациялық әулеті» тақырыбында өткізген ғылыми-практикалық конференцияға мектеп директоры Искакова Д.м. және оқу ісінің орынбасары Оспанова Ш.С. қатысты.

12. Апта бойы Облыстық Абай, Махамбет оқуларына, республикалық жасөспірімдер олимпиадасына, республикалық «Абайтану» олимпиадасына дайындық жұмыстары жүргізілді.

13. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың өтуі қадағаланды.

14. «Шабьт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Закер Р. 10 «В» - сыныбында «Ойын кеңістігіндегі бағыт бағдар дағдысы. (Футбол)» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабағы мақсатына сай өткізілді.

15. Көкшетау қаласы «НЗМ»ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбындағы 3-апталық біліктілік курсы Ахат А. Д. өтті

16. Жас педагогтер «Жас педагог: кәсіби өсу жолдары» шығармашылық есептерге, «Педагог-зерттеуші» санатындағы, курс сабақтарын өткізетін пән мұғалімдері «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық конкурса дайындық жұмыстарын жүргізді.